

**Манғыстау облысы деңсаулық сактау басқармасының  
«Бейнеу орталық аудандық ауруханасы»  
шаруашылық жүргізу құқығындығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны  
ХАТТАМА № 1**

Бейнеу ауылы

30.03.2023 жыл

**Откізілген орны:** Бейнеу ауылы, Тобанияз көшесі, 1Д, конференц зал

**Жиналыс төрағасы:** Б.Аймокенов – аурухананың м.а. директоры

**Жиналыс хатшысы:** Р.А.Абдуллаева – сыйайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимылдарға жауапты маман

**Катысқандар:** аурухана директорының орынбасарлары, бөлім менгерушілері,  
дәрігерлер және медбикелер

**Күн тәртібінде:**

1. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар  
және сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша алдағы жұмыстар.

Баяндама оқыған сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға жауапты маман Р.Абдуллаева «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 16 бап, 3 тармағына сәйкес, Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы үйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалатынын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже туралы, сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері жөнінде қысқаша баяндалады.

Сонымен қатар сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпарат тоқсан сайын сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберіліп отырады.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қабылданған сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосынша ақпарат жібереді.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына мерзімді түрде есеп береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы тараپынан ықтимал сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйайлас жемқорлыққа қарсы

комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Сөз сейлекен аурухананың м.а. директоры: Б.Аймокенов: лауазымды қызметтердің көшілігі сыйайлас жемқорлыққа тәуекел қызметтерге жатады. Сондықтан қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану, асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паралыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған қортында беру, жалған жауап беру, жауап беруден жалтару т.б. қылмысқа итермелейтін фактілерге жол бермеуіміз қажет. Ұжымы арасында сыйайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, сонымен қатар мәдениетті қалыптастыру біздің басты мақсатымыз болуы қажет.

Сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жоспарға сай өткізілетін алдағы жұмыстарға үжым болып ат салысайық.

**Жиналыс торатасы:**



Б.Аймокенов

**Жиналыс хатшысы:**

Р.А.Абдуллаева